

3. Özytegin, A. Melek. Ebû Hayyân Kitâbü'l-İdrâk li-lisâni'l-Etrâk Fiil: Tarihi Karşılaştırmalı Gramer ve Sözlük Denemesi. – Ankara: Köksav Yayınları, 2001. – 889 s.
4. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайян еңбегі бойынша, XIV ғ.).– Астана: «Ер Дәулет» баспасы, 2006. – 335 б.
5. Құрышжанов Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында // Көне Түркі Жазуларының Зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана, 2004. 17-22 б.
6. Құрышжанов Ә., Мәженова М. Әбу Хайян – қыпшақ тілінің зерттеушісі // Білім және еңбек, № 4, 1966, 19-б.

ӘОЖ 81'36

ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ДІНИ ТЕРМИН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хамзина Макпал Бектемировна

khamzina83@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.Әбдуәліұлы

Әдетте, діни терминдер дегенде діни дискурс аясында қарастырылатын мәселелер мен діни сауат ашу мекемелері, ЖОО-лар еске түседі. Алайда ХХІ ғасырдағы заман талабы мен қазіргі кездегі рухани қажеттіліктен бас тарта алмайтынымыз хақ. Себебі әр дәуір тынысы өз талаптары мен танымын ұсынады. Барлық мәселе сол талапты орындау мен танымды қабылдауда жатыр. Осы ретте тәуелсіздік алған 30 жыл ішіндегі Қазақстан қоғамындағы егемендік пен еркіндік, діни толеранттылық рухани дүние аясын қаншалықты реттей алды, өсіп келе жатқан ұрпақтың санасы ел мүддесіне қызмет ету бағытында ма, әлде өзіндік өзгеріске ұшырауда ма, деген сұрақтар қоғам зиялыларын мазалауда. Себебі бұл мәселелер елдің болашағы мен тәуелсіздік тұғырының нық болуына қатысты.

Қазіргі кезде қоғамдағы өзгерістер танымдық процестер мен тілдік қолданыстарға өзгеше реңк беріп, кейбір тұста азаматтардың ішкі сенімсіздіктерін тудырып жатқанына қатысты ұлт зиялылары мен мемлекет билігі өз алаңдаушылығын ара-тұра баспасөз беттері мен әлеуметтік желілер арқылы білдіруде. Себебі Қазақстанда, жалпы Орта Азия аймағындағы мемлекеттер үшін ислам діні тек отбасылық, тұрмыстық өмірге ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамдық өмірге де араласуда. Оған қоса бүкілдүниежүзілік жаһандану үдерісі де заман ағымына өз талаптарын ұсынуда. Бұның басты себептерінің бірі – ол қоғамдық өмірге белсене араласушы тұлғалардың танымдық түсініктеріне тікелей байланысты екені анық. Өйткені қоғам адам талғамы, іс-әрекетінен тыс өмір сүрмейді, қайта керісінше, сол қоғамды жекелеген тұлғалар, тұлға ретінде соңынан топ ерте аларлық көшбасшылар бағыттап, алға жылжып отырады. Бұл философиялық таным түсінігі мінберінен өз талдауы мен сараптамасын алып та отыр. Сондықтан адамзаттың даму үдерісінде мемлекет ретінде жұтылып кету қаупінің алдын алу, Қазақстан қоғамындағы ымыралы толеранттылықты сақтау бағытында қызмет ету үшін мемлекет болашағы – жастардың саналы да, сауатты азаматтар ретінде қалыптастыру бірден-бір маңызды сала болып табылады. Оған қоса діни лексемалардың діни стиль аясында функционалды стильге ауысу үдерісінің орын алу себептері мен оның салдарына қатысты туындайтын мәселелерді қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы ретте «діни дискурсты зерттеу барысында ғалымдар қалыптастырған әртүрлі көзқарастар әлеуметтік маңызы зор дін аясында адамның сөйлеу әрекетін тіл шеңберінде зерделейтін теолингвистика атты жаңа кешенді ғылыми пән құру идеясы ұсынылғаны» айтылуда [1].

А.Алтайқызы «Посмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан мен АҚШ тәжірибесі» атты философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясында дін мен білім беру арасындағы жақындастық пен қажеттілік, дәстүр аясындағы діни білім беру феномені, діни білім беру және посмодерн түсініктірінің арақатынасы туралы айтқан [2]. Алайда ізденуші мұнда жеткіншек жасынан асып, ЖОО-ға оқуға түскен жас азаматтарға көбірек назар аударған сияқты. Ал, біздің ойымызша, қоғамда қолданыста жүрген діни түсініктерге қатысты терминдерге ұлттық таным тұрғысынан сәби кезінен бастап түсінік бере бастаған дұрыс, себебі сонда ғана ол ЖОО қабырғасына барғанда өз бағытын нақты таңдай алады. Тек дәріптеу мен мадақтаудан абай болу керек.

Қазақстан мемлекеті толеранттылық пен дінаралық келісім саясатын қалыптастыруда біршама заңдар қабылдап, Ата Заңымызда «зайырлылық» түсінігін қолдану арқылы ҚР-ның келешектегі ұстанатын бағытын айқындап берген [3]. Алайда өткен ғасырда Қазақстан елінің қол жеткізген тәуелсіздігінің арқасында, әрі діни сенімді таңдауда құқық шектелмеуінен шетелдік мемлекеттерде білім алып келген жастар сол мемлекеттерден тек ілім ғана емес, өздерімен бірге танымдық өзгерістерді де қоса ала келгені белгілі. Нәтижесінде ҚР Діни басқармасының алдында кейбір түсініктерге, қоғамда дау тудырған мәселелер мен тақырыптарға қатысты пәтуаларын беріп, жариялап, қоғамдағы наразылықты басуға ықпал етуде. Енді қазіргі кезде талқы таразысына салсақ, сол заманда он сегіз жаста болған жастар, қазіргі кезде толыққанды ҚР азаматы, өз отбасыларын құрып, мемлекет игілігіне қызмет етіп, ұрпақ тәрбиелеуде. Бірақ қазіргі таңдау құқығы мен заманымыздың талабына сүйенсек, әр адамның өз таңдауы болуына хақысы бар. Ал еліміздің басты Заңына сәйкес 16 жастан асқан азамат қана өз ісіне жауап беретін, 18 жастағы азамат қана толыққанды жауапкершілікті мойнына ала алатын ел мүшесі бола алады. Демек, 16 жасқа толмаған, буыны қатаймаған жасөспірім мен сәбилердің өз істеріне жауап беру-бермеуі барлық жағынан толыққанды зерттеліп, түсіндіріліп берілсе, онда олардың санасының жетілуіне ата-анасы, қоршаған ортасы жауап береді. Сәбидің тұрмыстағы ортасы – отбасылық қатынастармен, ата-анасынан көрген үлгісімен қалыптасатыны түсінікті. Ал мектепке дейінгі және мектеп қабырғасындағы орта білім беретін ортасы ше, мектеп өмірінен тыс араласатын ортасы ше, ол балаға қалай әсер етеді, қандай терминдерді қолданады, қаншалықты толыққанды түсінікті қалыптастырады? Осы мәселе қазіргі қоғам санасын алаңдатуы қажет деп санаймыз.

А.Алтайқызы өз зерттеуінде М.Элиаде, Н. Смарт, М. Гриммит, А.Ф. Козырев, И.В. Понкин сынды ғалымдарды «діни білім берудің мәніне тұжырымдамалық анықтама бергендер» ретінде таниды және білім беру түсінігіне анықтама ұсынып, «дін мен ғылым-білімнің арасындағы байланысты түсіндірген ғұлама» деп әл-Ғазалидің есімін атайды. «Діни білім беруді әлеуметтік-мәдени феномен ретінде зерттеген», «халықаралық діни білім беруді» зерттеген У.Ч. Каппс, Л.Х. Брэдли, Д. Мулен, Х. Аданали сияқты ғалымдарды талдайды. Ежелгі түркі ғалымдары мен ойшылдарының қатарында Абай мен Шәкәрім еңбектерін де атап өтіп, ең бастысы «қоғамдағы дінаралық төзімділікті қалыптастыру үшін діни білім беру мен діни сауаттылық не себепті маңызды деген сұраққа жауап беруде» ұсынуға боларлық ғалымдардың еңбектерін зерделеп берген [2,4-5]. Алайда діни сауаттылық түсінігі ретінде зерделенген бұл еңбек оқу үдерісінде терминдер мен түсініктерді қалыптастыруда аздық етеді.

Ежелгі шығыс елдерінде балаларға діни білім беру міндетті болған, ал Англияда «діни білім беру» 1944 жылдан бері мемлекеттік орта білім беру мектептерінде міндетті деп заңмен бекітілген, сонымен қатар бұл ұғым – таңдау құқығын беретін факультативтік, бағаланбайтын пән ретінде енгізілген, ал кейбір жекеменшік мектептерде оқытылмайды [4]. Дегенмен, қазіргі кезде, шын мәніндегі «діни білім беру» түсінігі түрлі аспектілер аясында айтылып жүр. Солардың ең бастылары екеу:

1. Бүкіладамзаттық дін түрлері мен олардың тарихына шолу жасап, түсіндіру үшін;

2. Белгілі бір елде басымдыққа ие діни бағыттың бастаулары мен түсініктерін бала санасына сіңіру мақсатында діни білім беру.

Сараптасақ, алғашқысы теологиялық түсінікке жақын – бала санасында дінге қатысты жалпы түсініктерді қалыптастырып, оның интеллектуалды, жан-жақты сауатты тұлғалық қабілеттерін оятып, өзіне таңдау құқығын беруге ықпалдасады. Ал екінші бағыттағы «діни білім беру» – баланың сол ел ұстанатын діни бағыттағы азаматты тәрбиелеуіне, елдің болашағын тарихи-танымдық қағидаларға сүйене отырып, дамытатын тұлғаны қалыптастыруға ықпал етпек.

Қазақстан мемлекетінде «діни білім беру» арнайы ЖОО-ларда діни бағытта маман болып шығуға көмектесетін оқу орындарында оқытылады. Қазіргі кездегі мемлекеттік стандарт бойынша 9-сыныпқа «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты курсы енгізіліп, оның үлгілік оқу бағдарламасы да ұсынылған [5]. Оның өзінде бұл курс 2009-2010 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныптарына оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінен «Дінтану негіздері» міндетті пән ретінде енгізілді. Көлемі аптасына – 1 сағат, оқу жылына 34 сағат. Алайда бұл курс 9-сыныпта ғана оқытылады, әрі курста авторлар діндердің тарихына шолу жасап, ең бастысы еліміздегі лаңкестік әрекеттер мен олардан психологиялық тұрғыда баланы арашалау, терминдерге анықтама беру, діни сенім бостандығы «әр адамның табиғи құқықтарының құрамдас бөлігі» деген ұстанымды ұстанғанға ұқсайды. Дегенмен, кейбір әрекеттер үстірт түсіндірілгенімен, жалпы бұл пәнді енгізудің өзі – заман талабынан туындап отырғаны айқын.

Одан өзге «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒ министрінің 2018 жылғы бұйрығының «Оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып жоғары білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» деген 2-тарауында: «ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін тыңдаушы келесі біліктілікке ие болады: 2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұнын және ерекшеліктерін интерпретациялау», - деп жазылған [6]. Демек жалпыға міндетті пәндерді игеріп болған оқушы діни түсініктердің мазмұнын мен ерекшеліктерін түсіндіре білуі керек. Демек, еліміздегі білім жүйесінде дін мәселесі ресми түрде бекітіліп, жолға қойылған. Бабалардан жеткен діни білім беру дәстүрінің ұзақ жылдар бойы үзіліп, дінге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруіне байланысты қазіргі кезде күн тәртібіне қойылып отырған дін мен діни білім беру ісі өзінің алғашқы сатысында тұр. Оның ары қарай даму бағыттары әлі де болса нақтырақ айқындауды, білім мазмұнын заман талаптарына сай тиісті қағидалармен толықтыру алдымызда тұрған аса маңызды міндет болып табылады. Сонің бірі – діни білім беру әдістемесін дайындау, тілдік мәдениетін қалыптастыру мен оған барынша ұлттық сипат беру. Білім мен ғылым егіз ұғым болғандықтан, бұл орайда терминология мәселесі бірінші орынға шығады.

Ж.К.Киынованың айтуынша: «Дәстүрлі, әдеби тілде қалыптасқан стильдер әртүрлі, тек өздеріне лайық салаларға қызмет етуіне байланысты әртүрлі қоғамдық сананы қамтиды: ауызекі стиль - әдеттегі сананы, ғылыми – ғылымдық, ресми-іскерлік – құқықтық, публицистикалық – идеологиялық, әдеби – эстетикалық, ал діни стиль – діндік сананың көрсеткіші болып табылады» [1]. Алайда діни терминдер тек діни стильге ғана тән деп айту әсте дұрыс болмас, себебі қандай стиль болсын, әдеттегі танымдық санаға – ауызекі сөйлеу стилі арқылы барлығы әсер етеді.

Діни терминдердің арасында қазіргі кезде қоғамда жиі айтылып, жастар арасында жиірек қолданылып жүрген «әруақ», «жаназа», «мүмин», «дәрет сындыру», «дәрет алу», «таухид», «шариғат», «кәпір», «пітір», «әптиек», «тарауық», «сәресі», «ләйләт-ул Қадыр», «машалла», «субхан алла», «әлһамдулла», «азан», «наиб имам», «ғұсыл», «мұғжиза», «сахаба», әнбие, «зікір», «тасбих», «хиджаб», «шахид», «жәннәт», «халал», «харам», «сахар», «миғраж», «ширк», «шейт», «таввакуль», «баракатуль» т.б. лексемалар бар. Әрине діни сауатты адам бұл

лексемаларды орынды қолданып отырмын деген оймен, әлем бейнесін өз танымы бойынша түсіндіре алады. Бірақ буыны қатаймаған сәби алдында айтылған лексемаларды құлағы шалған кезінде санасында қандай бейне елестейді, нендей ой қалыптасады деген ой назарда болуы керек. 5-11-сынып арасында оқылатын «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі, «Орыс әдебиеті» оқулықтарында тарихи оқиғалар мен көркем мәтіндерде ара-тұра діни лексемалар кездеседі. Бірақ оларға жекелеген түсініктеме беріліп, анықтама жазылмайды. Кейбір кезде мұғалімнің өзінің діни сауаттылығының деңгейіне қарай түсінік берілуі немесе интернет көздерінен алынған ақпараттар шеңберінде шектелуі мүмкін. Сәбидің әлемді тану бейнесі, өмірді түйсінуі түйсігі қалыптаса бастаған кезден құралатынын [8] ғалымдар дәлелдеген. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларының көркем туындылары мен діни, ғашықтық, батырлық дастан, жырларда араб-парсы тілінен енген сөздер ретінде, әрі діни лексика бағытында біршама талданғаны белгілі [9,143]. Алайда бұл лексемалар мен түсініктердің басым бөлігі мектеп оқулықтарында көркем мәтін ішінде берілгенімен, нақты түсініктемесі түсіндірілмейді. Сонымен қатар, қазіргі таңда мектеп қабырғасында «діни экстремизмнің алдын алу» шараларына қатысты қаулылар, бұйрықтар беріледі, өкінішке орай, оны атқаруға қатысты арнайы нұсқаулықтар жасалмайды, алдын ала терминдерге қатысты түсініктер берілмейді. Бұл олқылықтың орнын толтыру қажеттілігі аса зәру мәселе деп танымыз.

Сонымен, діни білім беру үдерісі тек ЖОО-лар мен медреселердегі діни терминдерге түсінік берумен, 9-сыныпта оқытылатын «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсымен шектеліп қалмауы керек деп санаймыз. Себебі қазіргі мектеп жасындағы жасөспірім – ел болашағын дамытушы, құраушы тұлға. Қазіргі кезде тіліміздің функционалды қолданысына еніп жатқан діни стиль терминдерін түсіндіру арқылы бала жүрегінің қалауына қатысты өмірінде маңызы бар, ауқымды, тұрақты шешім қабылдауына ықпал етуге болады. Бұл санасы жетілмей жатқан жеткіншектердің психологиялық тұрғыда өзге діни бағыттағы арбауға түсіп, өз ортасынан, қоғамынан, тіпті отбасы мен елінен бас тартпауы үшін азаматтардың салауатты түрде, саналы түрде шешім қабылдай білуіне көмектесетініне сенімдіміз, ал Қазақстан елінің болашағы тұрақты, зайырлы, сауатты қоғам ретінде әлемдік сахнада мойындалуына жол ашылмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кибинова Ж.К.Қазіргі діни стиль және ислам лексикасын орыс тіліне аудару мәселелері // интернет қоры - <https://melimde.com/azirgi-dini-stile-jene-islam-leksikasin-oris-tiline-audaru-mes.html>;
2. Алтайқызы А. «Посмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан мен АҚШ тәжірибесі» PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы, Алматы, 2020 ж.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл, 30 тамыз // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>;
4. Бектенова М.К. «Феномен исламской идентичности в постсекулярном обществе: казахские реалии» Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD)Алматы, 2017 год, КазНУ им. Аль-Фараби, Институт философии, политологии и религиоведения,. 135 стр.
5. Религиозное образование в начальном и среднем образовании Религиозное образование в начальном и среднем образовании // https://ru.qaz.wiki/wiki/Religious_education_in_primary_and_secondary_education;
6. «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒ министрінің 2013 жылғы 3

сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы//
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009691>;

7. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒ министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, ҚР Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;
8. Ушинский К.Д. «Человек как предмет воспитания», 1867 год // [Lib.ru/Классика: Ушинский Константин Дмитриевич. Человек как предмет воспитания. Том I](http://Lib.ru/Классика:Ушинский_Константин_Дмитриевич.Человек_как_предмет_воспитания.Том_I)
9. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: ҚазҰПУ, 264 б

ӘОЖ 16.21.47

«ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫР ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЗМДІК СИПАТЫ

Шалғынбай Нұрбек Қайрғалиұлы

shalgynbai_nurbek@list.ru

«Тұран-Астана» университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-
курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Карипжанова

Фольклор – шығу тегі жөнінен ағылшын тілінен шыққан және халық даналығы деген мағынаны беруде қолданады. Дегенмен бұрынғы КСРО аумағындағы елдерден басқа елдер бұл терминді кең мағынада қолданады. Оған халық музыкасын, биін, поэзиясын, театрын, халықтың өзіне тән қолөнерін, ырымдары мен ғұрыптары, салттары мен наным-сенімдерін топтап жатқызады. Осы себептен болса керек, фольклор сөзімен қатар этнография қатар қолданылады. Бізде бұрынғы одақтас республикалармен қатар фольклор термині тек халық тудырған әдебиетті, яғни авторы халық болып есептелетін, ауызша туып, ауызша сақталған шығармаларын атауда қолданылады. Академик С. Қасқабасов қазақ ғалымдары осы қалыптасқан үрдісті қабылдап, фольклорға халық ауыз әдебиетін жатқызып, этнографияны да қатар қолданып келеді. Дегенмен халық әдебиеті деген атау әлемнің түсінігіндегі фольклор ұғымын бере алмайтындығын атап көрсеткен [1, 5]. Халық әдебиеті дегеннен гөрі өркениетті елдерде қалыптасқан фольклор ұғымын қалыптастыруды жөн санаған. Фольклорлық шығармалар халықтың өткен тарихы мен мәдениетінен мол ақпараттар беретін құнды жәдігерлер саналады.

Фольклортану ғылымының пәні, басты объектісі, негізгі міндеті халық шығармашылығын зерттеу болып табылады [2, 371]. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде фольклорды сөз өнері деп атап келдік. Бұл фольклордың ұғымын тарылтады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінен «Қырымның қырық батыры» жыр циклі үлкен маңызға ие туынды. Бұл шығарманың бірінші ерекшелігі тарихи жырлардың басында тұрғандығы болса, екіншіден, ұлттық әдеби тілдің қалыптасуының елеулі кезеңіне тиесілі жырлар. Қазақ халық ауыз әдебиетінің мұрасындағы жырлардың ұлт руханиятын жаңғыртудағы, ондағы лексикалық бірліктердің ұлттық кодты танытудағы орны ерекше.

Ұлттық код дегеніміз не? Бірінші, бұл сұраққа жауап беруіміз керек. Ұлттың өткен-кеткені, дәстүрлі қоғамының көріністері, діни наным-сенімдері, ұстанған әдет-ғұрыптары тілде өз ізін қалдырады. Олардың тілде бейнесі жасалады. Бұл тілдің кумулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Демек, ұлттық тілдің әрбір сөзі «ұлттық код» болып шығады. Ұлт